

**"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2017 жылғы 3 наурыздағы № 18 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а.
2018 жылғы 24 қазандағы № 460 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан
Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы
16 маусымдағы № 205 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 16.06.2022 № 205 бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір
мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19
маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің кейбір
мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 18 бұйрығына мынадай өзгеріс
енгізілсін:

осы бұйрыққа 15-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 161200,
Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, № 202 Б үй."

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада
белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне
енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің міндетін атқарушы*

С. Жақыпова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК